

ҚК(б)П-ның Солтүстік Қазақстан Облыстық Комитетінің, еңбекшілер депутаттарының Облыстық Советінің және ҚК(б)П Петропавл Қалалық Комитетінің органы шығуына 24-ші жыл

№ 28(6477) | 1943 жыл 7 Февраль Жексенбі | Бағасы 20 тыйын

Неміс басқыншыларына қарсы күрес майданында Командованиенің жауынгерлік тапсырмаларын үлгілі орындап, сонымен бірге қаһармандық және батырлық көрсеткені үшін Советтер Союзының Геройы атағы беріліп, Ленин ордені мен „Алтын Жұлдыз“ медалі қоса тапсырылсын:

1. Лейтенант КЛИМЕНКО Иван Ивановиче.

2. Аға лейтенант ЛЕБЕДЕВ Николай Александровичке.

3. Подполковник ПРОВАНОВ Григорий Васильевичке.

ССРС Жоғарғы Советі Президиумының Председателі М. КАЛИНИН.

ССРС Жоғарғы Советі Президиумының Секретарі А. ГОРКИН.

Москва, Кремль. 1943 жылғы 4 февраль.

Қазақ халқының батыр ұлдары

Неміс басқыншыларына қарсы күрес майданында командованиенің жауынгерлік тапсырмаларын үлгілі орындап, сонымен бірге қаһармандық және батырлық көрсеткені үшін ССРС Жоғарғы Советі Президиумының Указы бойынша Қызыл Армияның бір топ командирлері мен жауынгерлеріне—үлкен политрук Фабдуллин Мәлікке, сержант Головин Алексей Степановичке, лейтенант Галевский Владимирге, кіші лейтенант Ковтилов Дмитрий Филипповичке, үлкен сержант Кустов Игорь Фремовичке, лейтенант Мушинский Николай Степановичке, старшина Ювиков Александр Евдокимовичке, үлкен лейтенант Пивник Николай Владимировичке, қызыләскер Токтағалиев Төлегенге—Советтер Союзының Геройы атағы берілді. Бұл хабарды үкіл совет халқы, Қызыл Армия зор уанышымен қарсы алды, жана геойлардың есімдерін естіп жүректері ұлы қуанышқа, мақтанышқа бөленді.

Бүгін қазақ халқы, бүкіл еңбекшілеріміз қуаныш үстінде. Жаңа геройлардың қатарында, казак халқының ұлдары—Фабдуллин Мәлік, Токтағалиев Төлеген бар. Қазақстанның кең аймақ жеріне бұл қуанышты хабар ер тарап завод және фабрикаларда, колхоз, совхоздарда, совет мекемелері мен оқу орындарында батырлардың есімдері зор мақтанышпен аталады. Отанды қорғау жолында ерліктің, батырлықтың асқан үлгілерін көрсеткен ұлдарына алғыс айтып, арлық ұлы-қызын отан үшін күресуші Төлеген мен Мәліктей батырларға шақырады.

Совет елін мекен еткен барлық балалықтармен бірге ұлы отан соғысы басталысымен казак халқының ұлдары да қолдарына қару алып, майданға аттанды. Соның бірі—қатарымы совет жасы, балалар үйінде өрбиеленіп өскен Фабдуллин Мәлік. Ол қазақ педагогика институтын бітіріп, аспирантурада оқыды, ғылым ізмет атқарды. Ал, Төлеген Токтағалиев—Ленинград қорғасын зауытының қатардағы жас жұмысшысы. Оны, сол жай мамандықтың иелері, батырлар совет жастары қазір отан соғысының майдандарында ерліктің, батырлықтың не керемет үлгілерін көрсетіп, мәңгі өшпейтін даңққа иелік етіп отыр.

Патшалы Ресей тұсында қурып жүре айналған қазақ халқы тек 1917-жылғы Октябрь Социалистік революциясынан кейін ғана бақытты өмірге иелі жетті, терезесі тең, іргелі ел болды. Ұлы орыс халқының туысқан ел көмегімен, Ленин—Сталин партиясының басшылығы арқасында Қазақстан бұрынғы артта қалған елден алдыңғы қатардағы гүлденген республикаға айналды. Барлық халықтармен бірге бақытты өмір құ-

рып, оның барлық игіліктерін көрді, кемеліне келді. Осы бақытты өмірін, ұлы отанын қорғау жолында қазақтар орыстармен, белорусстармен, өзбектермен, қырғыздармен, татарлармен, еліміздің барлық халықтарымен бірге күш қосып жауға қарсы ерлікпен күресуде. Осы жолда, талай Мәлік пен Төлегендер отаны үшін күресіп, қаһармандық, батырлық көрсетіп, халқының даңқын арттыруда.

Гитлершіл қаныпезерлер елімізге опасыздықпен шабуыл жасағанда совет елі бөлшектенеді, олардың араларында алауыздық туады, жанжал шығады деп дәмеленген еді. Жаудың бұл арам ойының күлі көкке ұшты. Ұлы отанымызды қорғау жолындағы күресте совет халықтарының туысқандық достығы, бірлігі одан сайын мызғымастай болып шығая түсті. Жауға қарсы кескілескен ұрыстарда қан майданда барлық ұлттардың жауынгерлері де ерлік, батырлық көрсетуде. Олар ұлы отан үшін күресте ерлікті, батырлықты бірінен бірі асырып түсіруде. Халықтар арасындағы туысқандық достық барда, ол достық арқасында совет елі ешбір жаудан, ешқашан да жеңілмейді, жеңіл шығады!

Бүкіл совет халқымен бірге қазақ халқы өзінің батыр ұлдарын мақтан етіп, оларды құттықтайды. Барлық ұлы-қызын, отан үшін батыр Мәлік пен Төлегенше күресуде, еңбек және ұрыс майдандарында ерліктің, батырлықтың, отанға берілгендіктің өнегелерін көрсетуге шақырады. Өйткені, ол Мәлік пен Төлегенге берілген ұлы атақ—Советтер Союзының Геройы атағы қазақ халқы, бүкіл республика еңбекшілері үшін асқан аброй, зор мәртебе екенін жақсы біледі. Бұл ұлы атақ үшін ол партия мен үкметке, данышпан көсеміміз Сталинге мың мәртебе алғыс айтып, мынадай серт береді:

—Жанаямай еңбек етіп, майданға көмекті мейлінше күшейтеміз, Қазақстанның көмірін, қорғасынын, мысын, мұнайын, астықты, етті, майды бұрынғыдан да еселеп мол береміз! Барлық күш-қуалымызды, мал-мүлкімізді жауды талқандау жолына аямаймыз. Қызыл Армияның даңқты XXV жылдық мерекесі құрметіне Социалистік жарысты өрістетіп, ұлдарымыздың атағына сай өндірістік жана табыстарға жетеміз.

Міне, бүгін республикамыздың әрбір патриоты өзінің жүрегіндегі зор қуанышын осындай серт берумен білдіреді. Олар бұл сертін аброймен орындайды да.

Советтер Союзының геройларының жана тобына қазақ халқынан жалынды сәлем! Қазақ халқының батыр ұлдары даңқтарың артта берісін!

(«Социалистік Қазақстанның» 2 февральдағы басмақаласына).

СОҢҒЫ САҒАТТА

Әскерлеріміз Старый Оскол, Изюм қалаларын алды

1. 5 февральда әскерлеріміз қатты ұрыстан кейін СТАРЫЙ ОСКОЛ қаласы мен темір жол станциясын алды. Душпанның қоршауда қалған гарнизоны жойылып, бірсыпыра қолға түсірілді.

2. Украинада әскерлеріміз ИЗЮМ қаласы мен темір жол станциясын алды.

Советтік Социалистік Республикалар Союзының қарулы күштерінің Жоғарғы Бас командашысы жоғары мәртебелі Иосиф В. СТАЛИНГЕ

Москва. Сара басшылығыңыз арқасында әскерлеріміздің Сталинград маңында тамаша жеңіске жетуімен Америка Құрама Штаттарының қарулы күштерінің Бас командашысы ретінде Сізді құттықтаймын. Қала үшін жүз алпыс екі күн бойына жүргізілген жауынгерлік керемет күрестер, Сіздің мәңгі өшпес даңқынзды шығарған күрестер, бүгін барлық американдар мерекелеп отырған шешуші нәтиже нацизмге және оны еліктеушілерге қарсы бірлескен халықтардың бұл соғысында тамаша тараулардың бірі болады. Сіздің майдандағы әскерлеріміздің командирлері мен жауынгерлері, заводтарда және егіс даласында жұмыс істеп, оларды қолдаған ер, әйелдер тек өз елінің қаруын даңққа бөлеу үшін ғана емес, сонымен бірге жалпы жауымыздың біржола жеңілуіне және оның сөзсіз қолға берілуіне жету үшін барлық күш-қайратты жұмсауға өз үлгілерімен барлық бірлескен ұлттардың арасында жаңа батылдық туғызу үшін бірлесті.

Вашингтон, 1943 жылғы 5 февраль.

Америка Құрама Штаттары қарулы күштерінің Бас командашысы Франклин Д. РУЗВЕЛЬТ мырзаға

Ақ Үй, Вашингтон. Совет әскерлерінің Сталинград жанындағы жеңісіне байланысты құттықтауыңыз үшін Сізге алғыс айтамын.

Құрама Штаттарының, Великобритания мен Советтер Союзының қарулы күштерінің бірлесе жасаған соғыс қыймылдары жалпы жауымызды тез арада жеңіп шығуымызға жеткізетіндігіне сенім білдіремін.

Москва, Кремль. 1943 жылғы 6 февраль.

„МАРШАЛ ЖҰЛДЫЗЫ“ МАРШАЛ АЙЫРМАШЫЛЫҚ БЕЛГІСІ МЕН I-ДӘРЕЖЕЛІ СУВОРОВ ОРДЕНІН ТАПСЫРУ

Осы жылғы 4 февральда, Кремльде ССРС Жоғарғы Советі Президиумының Председателі М. И. Калинин жолдас (Советтер Союзының Маршалы Г. К. Жуков жолдасқа «Маршал Жұлдызы» маршал айырмашылық белгісі мен I-дәрежелі Суворов орденін тапсырды.

М. И. Калинин жолдас авиацияның генерал-полковнигі А. А. Новиков жолдасқа және авиацияның генерал-лейтенанты А. Е. Голованов жолдасқа I-дәрежелі Суворов ордендерін тапсырды.

Майдан делегациясы Алматыда

Қазақстан еңбекшілеріне, Қазақстаннан құралған Н. дивизиясының делегациясы Алматы қаласына қонаққа келді. Бұл делегация біржарым жылдан бері Калинин, Солтүстік-Батыс майдандарында немісфашист бандиттеріне қарсы үздіксіз ұрыс жүргізуде.

Делегацияның составында майор А. Белявский, майор Р. Қыйлыбаев, старшина П. Гейгенко, үлкен сержант Е. Қазбеков, қызыләскер Қ. Улыбаев жолдастар бар.

Делегация Н. дивизиясының жа-

уынгерлерімен, командирлері мен саяси қызметкерлерінен Қазақстан еңбекшілеріне сыйлыққа Қызыл Ту алып келді. Бұл Қызыл Ту маңдай алды кәсіпорындарына беріледі.

Кеше делегацияны ҚК(б)П Орталық Комитетінің секретарі Н. А. Скворцов жолдас қабылдады.

Делегация республиканың өндіріс кәсіп орындарында, колхоздарда болып, дивизияның жауынгерлік істері жөнінде әңгімелер өткізеді.

(ҚазТАГ).

СОВЕТ ИНФОРМБЮРОСЫНАН 5 ФЕВРАЛЬДАҒЫ КЕШКІ ХАБАР

5 февральда әскерлеріміз қатты ұрыстардан кейін Старый Оскол қаласы мен темір жол станциясын алды. Дүшпанның қоршауда қалған ғризоншы жойылып, бірсыпырасы мға түсірілді. Старый Осколдың түстік-батыс жағында әскерлеріміз Боброво-Дворское, Скородное дан орталықтарын алды.

Украинада әскерлеріміз Изюм қаласы мен темір жол станциясын және Велики Булук аудан орталығы мен темір жол станциясын, Яма аудан орталығы мен темір жол станциясын, Ольховатка аудан орталығын алды.

Майданның басқа учаскелерінде әскерлеріміз бұрынғы бағыттарда ұрыс жүргізуде болды.

* 4 февральда авиациямыздың бөлімдері майданның түрлі учаскелерінде немістердің 10 танкін, әскерлері және жүгі бар 150дей автомашинасын жойды, зияндады, оқ-дәрі ойған 3 складын талқандады, темір жол эшелонын кыйратты, дүшпанның бір батальондай жау әскерлерін тозғындатып, бірсыпырасын ұртып жіберді.

* Дондағы Ростовтың оңтүстік жағында әскерлеріміз дүшпанның арсылығын жеңе отырып, алға ілгеріледі. Н. ақты әскер бөлімі жауан 2 паровозды, 300 вагонды, 150 автомашинасын, 3 танкетканы, 100 мотоцикл мен азық-түлік қойған екі складты қолға түсірді. Крыловская станциясын алғанда біздің жауымыз әскерлер дүшпанның көп олжа, мұның ішінде танктер тиелген эшелон мен азық-түлік тиелген эшелонды қолға үсірді. Бөлімшелеріміз екінші бір учаскеде алға ілгерілей отырып, бірнеше елді пункттерді алды, 400 гиттершілді, 4 танкті, 3 танкеткені жойды және жаудың 174 адамын қолға түсірді.

* Купянски ауданында әскерлеріміз алға ілгерілеп, бірнеше елді пункттерді алды. 8 ауыр зеңбірек және астық қойған 2 склад қолға түсірілді.

270 вагон мерекелік сыйлықтар жіберілді

Қазақстан еңбекшілері Қызыл Армияның 25 жылдығына майдандары жауынгерлерімізге арнап, сыйлыққа 270 вагон түрлі продуктылар жіберді.

Ақмола облысы Оңтүстік-Батыс майданының жауынгерлеріне 39 вагон ет, май, спирт, пісірген қаз, тауық және басқа продуктылар жіберілді. Эшелонда Ақмолалықтардың жерлестеріне арнаған жылы киімдер және жеке сыйлықтар тиелген вагондар бар.

Алматы облысы Панфилов атындағы қызыл тулы 8-гвардия дивизиясына 30 вагон сыйлық жіберді.

ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТТІҢ VI СЕССИЯСЫ

1943 жылғы 12 февральда, облыстық драма театрында еңбекшілер депутаттарының Солтүстік Қазақстан облыстық Советінің VI-сессиясы шақырылады.

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Мал шаруашылығын өркендетудің 1942 жылғы мемлекеттік планының орындалуы және облыстың колхоз, совхоздарында мал қыстаудың барысы туралы. (Баяндамашы ҚК(б)П Обкомінің секретарі Родия жолдас).

2. Ауыл-селеңдік советтердің отан соғысы күндеріндегі жұмыста-

рді. Н. гвардия бөлімінің жауынгерлері екінші бір учаскеде немістердің 6 танкін, 3 бронемашинасын, 20 автомашинасын, 3 паровозы мен 45 вагонын қолға түсірді.

* Курскінің шығыс жағында әскерлеріміз ойдағыдай шабуыл жасауда болды. Н. бөлімі бір елді пункт үшін ұрыста венгерлердің жау әскер полкін талқандады. Ұрыс болған жерде жаудың жүздеген өліктері қалды. Екінші бір учаскеде майор Сычевой бір топ автоматчиктермен бірге деревняда бекінген дүшпанның тылына өтті. Біздің автоматчиктер тұтқыйылдан атака жасағанда немістер 30 зеңбірегің, көптеген пулеметтерін, винтовкалары мен оқ-дәрісін тастап қашып кетті.

* Смоленскі партизандарының бірнеше отряды январьдің 15нен 27не дейін дүшпанның 15 эшелонын құлатты. 13 паровоз бен 200ге жуық вагон кыйрады. Совет патриоттары осы уақыттың ішінде 6 көпірді талқандады, бірнеше жерде темір жолды кыйратып, 17 километрлік телефон-телеграф желісін кесіп тастады.

* Воронеж облысының Пасеково деревнясында неміс-фашист жауыздардың істеген айуандығы туралы төменде өкті жарияланады: «Қызыл Армияның сокқысы астында кері шегініп бара жатып немістер деревняда сұрапыл жауыздық істеді. Гитлершіл бандиттер еден астына жасырынған адамдарды тауып алып, атып өлтірді. Жендеттер И. Колесниковты, 6 жасар қызы мен бірге Н. Колесникованы, И. Задорожнийды тағы басқа көп адамды өлтірді. Фашист азғындар колхозшы әйел Бутованың үйін өртеді. Өртті сөндіруге ұмтылғанда кісі өлтіргіштер оны атып тастады». Ақтыға қол қойғандар—аға лейтенант А. Леонтьев, гвардия қызыләскерлері Ф. Сахнов, Д. Калинин, Пасеково деревнясының жергілікті адамдары В. Ахременко, Е. Задорожная және басқалары.

Эшелонда 2 вагон ең жақсы сорты темекі, папирос бар. Қарағандылықтар жерлестеріне 26 вагон сыйлық жіберді. Жамбылдықтардың эшелонында кептірген жемістер картофь, май, іеттен жасалған түрлі продуктылар бар.

70 вагон сыйлық Ленинградты қорғаушыларға жіберіледі. 60 вагон сыйлықты Сталинградтың ер-жүрек қорғаушылары алады. 85 вагон сыйлық Солтүстік-Батыс майданының жауынгерлеріне арналды.

Эшелонды делегация алып жүріп кетті. (ҚазТАГ).

ры мен міндеттері туралы. (Баяндамашы облыстық совет аткомінің председателі Грузинцев жолдас).

3. Ұйымдастыру мәселелері. (Баяндамашы Грузинцев жолдас).

Сессияға қатнасуға ССР Жоғарғы Советінің, Союздық Республикалар мен облыстық Советтің депутаттары, аудандық, ауыл, селеңдік, поселкелік Совет аткомдерінің председателдері, облыстық, совет және шаруашылық ұйымдарының басшылары шақырылады.

Облыстық Советтің атқару комитеті.

ЖАУЫҢҒЕР ДОС ТОҚТАРОВ

Жаумен сұрапыл арпалыс ұрыстарда Қазақстандық гвардеецтер асқан ерліктің, қайтпас батырлықтың, геройлықтың, өзінің социалистік отанына берілгендіктің тамаша үлгілерін көрсете білді. Бұл айқастарда, әсересе, көзге түскен қазақ халқының адал ұлы, Лениногордың жұмысшысы, аға лейтенант Соловьев жолдастың бөлімшесіндегі гвардеец Төлеген Тоқтаров болды.

Тоқтаров ұрысқа қатысар алдында партияға кіруге арыз беріп, былай деді: «Мені большевиктер партиясының мүшелігіне алуыңызды өтінемін. Егер отан үшін ұрыста қаза тапсам, мені большевик деп санаңыздар. Шаруаның баласымын. Өзім жұмысшымын».

Н. деревнясы жанында болған ұрыста Тоқтаров селоба бірінші болып кіріп, пулеметпен оқ жаудырып, жеті гитлершілді жойды, екеуін қолға түсірді. Б. деревнясында болған ұрыста немістер орналасқан үйге басып кіріп, 5 жауызды жойды. Бұл жерге жау өздерінің жана күштерін төгіп, дамылсыз шабуыл жасап қалайда Б. деревнясын алуға тырысты. Бірақ олардың жанталасқан барлық шабуылына гвардеецтер бет қаратпай тойтарыс берді. Біздің данқты жауынгерлеріміздің күш-жігері, патриоттығы бұл ұрыстарда жеңіп шығуымызға жол ашты.

Тоқтаров ұрыста үнемі алдыңғы сапта болып, өзінің жауынгер достарын жігерлендіріп отыратын. Ол жауынгерлерді қауып-қатер, қысылған кездерде тайсалмай, батыл қыймылдауға шақыратын. Тоқтаров жолдас ұрысқа кіре алдында былай деген болатын: «Өлімге жасқанбай тура қарасаң өлім де саған шыдап тұра алмайды, сен жеңесің. Өмірді сүйеді екенсің, сол өмір үшін күресе де біл. Өмірді сүйген адам, өлімнен қорықпақ емес, сондықтан да ұрысқа тайсалмай кіреді».

Төлегеннің батырлығына, тамаша ерлігіне жұрттың бәрі де сүйсінетін. Ол өз отанын жанындай сүйетін, жауды мейлінше өжек көретін.

Б. деревнясында ұрыста Төлеген жаудың тұтас взводының атакасын бір өзін тойтарды. Бір кезде оның патроны таусылды. Дәл сол кезде есіл өрге жау оғы тиді. Жауға зығырданы қайнаған герой жарасын елең қылмастан, қарсы алдында кезініп тұрған офицерге тура ұмтылды. Автоматтың күндағымен фашисті қақ бастап беріп көп жіберді. Офицердің мыйы аспанға ұшты, автомат екіге қак айрылды. Офицерді жайратып салып қайта орала бергенде, жаудың екінші оғы оның кеудесіне тиді...Қан майдада гвардеец Төлеген Тоқтаров қаза тапты. Оның өлімі жөніндегі хабар ұрыс үстінде барлық бөлімшелерге тез тарайды. Әрбір гвардеец өздерінің герой, жауынгер досы үшін неміс оккупанттарынан аяусыз кек алуға ант етті.

Подполковник
Б. МОМЫШУЛЫ.

Советтер Союзының геройы
М. ГАБДУЛЛИН.

ШЕТ ЕЛДЕРДЕ

Солтүстік Африканың жайы Хэллдің мәлімдемесі

ВАШИНГТОН, 4 февраль. (ТАСС). АҚШтың мемлекеттік секретарі Хэлл өзінің пресс-конференцияда сөйлеген сөзінде Иденнің Солтүстік Африка туралы мәселе жөнінде АҚШ мен Англия арасында қайшылықтың жоқ екендігі жайындағы мәлімдемесін құттықтады. Хэлл Иденнің бұл мәлімдемесі белдік дер жаваларға қарсы күресте АҚШтың ынтымаққа жету жөніндегі тілегіне сәйкес деп көрсетті.

Сталинград жанында неміс әскерлерінің жойылғандығына байланысты Германияда қаралы күн жарияланды

ЖЕНЕВА, 3 февраль. (ТАСС). Сталинград жанында герман әскерлерінің талқандалып, жойылғандығына байланысты бүкіл Германияда қаралы күн өткізу туралы Берлинде бұйрық жарияланған. Геббельстің бұйрығы бойынша февральдің 4нен бастап дейін ойын-сауық мекемелерінің бәрі жабық болуға тиіс.

Немістер ескі Марсель портына зеңбіректерден оқ атуда

Н Б Ю И О Р К, (ТАСС). Франция шекарасынан алынған мәліметтер бойынша, герман әскерлерінің сының түс әлетінде ескі Марсель портына оқ жаудыра бастағандығы Юнайтед Пресс агенттігі хабар етті. Түн ортасына дейін артиллерия атысы болған. Зор өрттер шыққан. 280нен аса адам, оның ішінде 70 әйел өлген.

Жауапты редактордың орынбасары Ө. ОСПАНОВ.

Аншылар мен аң аулау бригадаларының есіне

Қасқыр, түлкі, тиін, қарсақ және басқа аң терілерін тапсырғаны үшін былайғы жылғы январьдің 1нен бастап тұтыну кооперациялары аншыларға ұн, тары, өндіріс товарларын сатады. Аң аулау жұмысын өрістетіп, тұтыну кооперацияларының қабылдау пункттеріне аң терілерін тапсыруды аншылар мен аң аулау бригадаларынан сұрайсыз.

Петропавл қаласы, Сталин көшесі 44-үй. Солтүстік Қазақстан облысы тұтынушылар союзы.

„Главкинопрокаттың“ Солтүстік Қазақстан облыстық бөлімі облыс экрандарында

Н. Островскийдің романы бойынша „КҰРЫШ ҚАЛАЙ ШЫНЫҚТЫ“ деген көркем суретті дыбысты жана фильм көрсетеді.

Сценарияның авторы және режиссері Сталиндік сыйлықтың лауреаты Марк Донской. Композитор орденді А. Шварц. Бас рольдерді орындаушылар: Павел Корчагин-В. Перист-Петренко, матрос Жухрай-Д. Сагал, Артем—В. Бубнов, Долинник—А. Хвляя,Таня- И. Федотова.

Бүгін және күн сайын
„БЕСІНШІ МҰХИТ“
деген фильм.
Сеанстар кешкі сағат 4-6-8-10да басталады. Касса күндізгі сағат 3тен бастап ашық.
Сеанстар алдынан отан соғысы майданынан № 71 журнал көрсетіледі.

Бүгін және күн сайын
„МАЙДАНҒА АРНАЛҒАН КОНЦЕРТ“
деген жана фильм көрсетіледі.
Сеанстар кешкі сағат 6-8-10да басталады. Касса сағат 3тен бастап ашық.